

жетті. Біз ең алдымен егемендігімізді жарияладық, кейін тәуелсіз ел екенімізді Түркиядан бастап барлық ірілі-ұсақты мемлекеттер мойындады. Жас егеменді Қазақстанның Конституциясы 1995 жылғы 30 тамызда өткізілген республикалық референдумда қабылданды.

Сонымен, егеменділік - мемлекет мәні болып табылады. Егеменділік - өзінің қалыптасуы мен дамуының саяси, мемлекеттік биліктің сапасының бәрін қамтитын, тұтас дәрежесіне қол жеткізген сапалы арнайы әлеуметтік билік. Егеменділікті мемлекеттің мәні деп мойындау - яғни егемендікке ие емес немесе «егеменді емес» мемлекеттердің өмір сүруі мүмкін екендігі. Бүгінгі күні осы құндылықтар біздің күнделікті өміріміздің бөлшегіне айналды. Сондықтан еліміздің әрбір азаматының парызы - егемендігіміз бен тәуелсіздігімізді одан әрі нығайтып, елбасымыз қойған мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыру.

Қолданылған әдебиеттің тізімі:

1 Руссо Ж.Ж. Об общественном договоре. Трактаты /Пер.с фр. - М.: "КАНОН-пресс", 1998. - 416 с.

2 Тайтолеуов Н.С. Егеменді республиканың қалыптасу кезеңдері. Қазақ менталитетіндегі еркіндік пен тәуелсіздік идеялары. // Саясат, 2002. - №5

3 Сапарғалиев Г.Е Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы. Оқулық. - Алматы, Жеті жарғы, 2010

4 Зиманов С.З. Одақтық келісім шарт және республиканың егемендігі. - Алматы, 1997.

5 Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 ж. 30 тамыз. - <http://adilet.zan.kz>

6 Назарбаев Н.А. Ұлы мақсаттарды өзінің алдына ұлы халық қана қоя алады (ҚР Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты жиналыстағы сөзінен) // Ақиқат - 2011. - №1. - Б. - 6-10.

БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Монай Қ., Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының аға ғылыми қызметкері, гуманитарлық ғылымдар магистрі

XX ғасырдың екінші жартысында әлемдік ақпараттық процестердің даму тенденцияларын сараптау барысында ғалымдар: «коммуникация және даму», «мәдени империализм», «коммуникация плюриаризмі» сияқты негізгі үш әдісті атап өтеді. Сол кезеңдері тәуелсіздігін алған жас мемлекеттердің дамуы жайындағы дебаттар батыстағы ғылыми қауымдастықтың өзекті тақырыбына айналған болатын.

Осыған сәйкес «модернизация» термині пайда болды. Дамушы елдердің мәселелерін шешу жолдарын іздестіріп, түрлі нұсқалары ұсынылды. Міне, модернизациялық әдіс аясында бұқаралық коммуникация құралдарына ерекше ден қойылды. Сондықтан аталған проблематика «коммуникация және даму» атты тұтас концептуалдық кешен ретінде қарастырылды. Аталған әдісті қолдаушылар бұқаралық коммуникацияның модернизация процесіндегі мәнін былайша айқындайды.

Бұқаралық коммуникация құралдары ұлттық интеграцияға ықпал етеді; ішкі және халықаралық нарық байланыстарын қамтамасыз етеді; замануи тауарлар мен қызметтерге қажеттіліктерді ынталандырады; даму қорларын шоғырландырады; тұрмыс пен салауатты өмір салты, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп салаларында қазіргі заманғы құндылықтар мен тәсілдердің енуіне ықпал етеді.

Дамыған және дамушы елдердің бұқаралық коммуникация құралдарының қуаттылығы мен мүмкіндіктері арасындағы айырмашылықтар тек «концептуалдық» тұрғыда емес,

сондай-ақ саяси тұрғыдан қиындықтар тудырды. Оның ең жарқын көрінісі «жаңа әлемдік ақпараттық тәртіп» идеясы саналды. Бұқаралық коммуникацияның әлемдік жүйесі Батыстың дамыған елдерімен бақыланады. Мәселен, әлемдік жаңалықтарды тарату американдық, батыстық Ассошиэтед Пресс, Юнайтед Пресс интернэшнл, Нью-Йорк Таймс, Ньюс-Уик сияқты алып ақпараттық ұйымдар мен Си-Би-Эс, Си-Эн-Эн, Эй-Би-Си, Эн-Би-Си сияқты жетекші тележелілермен бақыланады. Бұдан басқа батыс елдері теле және радиобағдарламаларды өндіру мен тарату технологияларын басқара отырып, дамушы елдердің бұқаралық коммуникация ахуалына айтарлықтай ықпалын тигізуде. Сондықтан «жаңа әлемдік ақпараттық тәртіп» ұғымы 1978 ж. Халықаралық деңгейде көтеріліп, БҰҰ Бас Ассамблеясы мен ЮНЕСКО Бас конференциясы құжаттарында ресми қабылданды. ЮНЕСКО-ның халықтар арасындағы бейбітшілік пен өзара түсіністік бұқаралық коммуникация құралдарының үлесі туралы Декларациясында дамушы елдерге ақпарат тарату мен олардан таралған ақпаратқа қатысты теңсіздікті жоюға үндеу қабылданды. Соңын ала ЮНЕСКО-ның бастамасымен Халықаралық коммуникация дамуы бағдарламасы жаңа ұйымы құрылды.

Батыс елдерінің зерттеушілерінің пікірінше, ақпаратты реттеудің бұл әдісі батыстық баспасөз дәстүріне – журналистердің билік пен мемлекеттік сынау еркіндігіне, түрлі көзқарастар танытуына, әлемде ақпаратты еркін таратуына қарама-қайшы келеді. «Жаңа ақпараттық тәртіп» идеясын жүзеге асыру жайындағы пікірталастар тәжірибеде күрт өзгерістерге әкелді. Соның бір мысалы, ЮНЕСКО қабылдаған резолюциядан соң АҚШ бұл ұйымның мүшелігінен шыққан болатын.

Міне, дамушы елдер жайында арнайы бағдарламалар мен жаңалықтардан үкіметтік бастамаларға басымдық берілуі маңызды саналды. Мұндай бағдарламалар инвесторлар үшін елдегі саяси тұрақтылық пен экономикалық ахуал жайлы басты дереккөзі саналды. Енді дамушы елдер жайлы жағымсыз ақпараттық ағынның орнына бұл елдер әрбір индивид үшін бизнес дамуына қолайлы орта ретінде таныла бастады. Осылайша, дамушы елдердегі индустрияландыру, олардың әлемдік нарыққа енуі балама ақпарат көздерін пайдалануға сеп болды. Сондай-ақ бұқаралық коммуникация өнімдерін өндіруде дамушы елдерде айтарлықтай өзгерістер орын алды. Көптеген Оңтүстік, атап айтқанда Үндістан, Мексика, Бразилия, Египет елдері теле және ақпараттық өнімдер өндіруден әлемдік нарықта бәсекелестікке батыл енді. Бұл «жаһандық коммуникация плюаризмі» тұжырымдамасы батыстық біржақты ақпараттық ағын мен мәдени гегемонизмге жауап беруінің дәлелі саналды.

Жалпы, «әлемдік коммуникация плюаризмі» концепциясының өзегінде тәуелсіз және белсенді түрде ақпаратты өндірушілер тұратыны мәлім. Сондай-ақ бұқаралық коммуникация құралдарының басымдығы мен тиімділігі проблемасы назардан алшақтай бермек. Соңғы жылдары бұқаралық коммуникация құралдарының онан әрі жаһандану тенденциясы дамып, әлемдік коммуникациялық мегамедиакомпаниялардың позициялары нығайып келеді. Жаһандық жаңа медиа кеңістіктің қалыптасуы аздаған экономикалық субъектілер қатысқан нарық механизмдері негізінде жүзеге асуда. Олардың қатарында Тайм Уорнер, Уолт Дисней, Сони сияқты трансұлттық корпорацияларды, бұқаралық коммуникация құралдарының жаһандық та, аймақтық та деңгейдегі медиа қатарында Би-Скай-Би, Си-Эн-Эн, Эм-Ти-Ви арналарын атауға болады. Бүгінде сауықтыру индустриясы мен телекоммуникациялық индустриясы біртұтас нарыққа айналып, трансформациялық процестер орын алуда.

Ақпараттық қоғам жағдайында шетелдік БАҚ-тағы саяси коммуникацияны зерттеуде әрбір нарықтың ерекшеліктері мен өзара ұқсастықтары және олардың даму тенденцияларын қарастыру қажет. «Батыстық» мәдени ұстанымының ерекшеліктеріне қарамастан Еуропа және Америка елдерінің, Таяу Шығыс және Азия-Тынық мұхит бассейні елдерінің ақпараттық коммуникация саласындағы дамуының өзіндік ерекшеліктері бар. Бұрынғы кеңестік жүйедегі елдермен қатар дамушы елдердің бұқаралық ақпарат құралдарының дамуы процесінің жаһандық ақпараттық кеңістіктің

жылдам өзгеруі кезеңінде қиындықтардан айналып өте алмағаны анық. Осы елдердегі қоғамның әлеуметтік-саяси және экономикалық трансформациясы бұқаралық коммуникация құралдарының тәжірибесіне айтарлықтай ықпал етті.

Демократиялық қоғамда ақпарат құралдарының атқаратын ролі ерекше әрі оны жете түсінген жағдайда демократияның мәртебесі артатынын ХЖҰ дәйектеп отыр. Демократиялық қоғамдағы ақпараттың ролі шын мәнінде баспасөз бостандығы принциптерін бұлжытпай ұстану болып табылады және көзқарас білдіру, еркіндіктің өзі осыған негізделеді.

Әртүрлі пікірлер мен көзқарастарды білдіретін, тәуелсіз, дербес, бейтарап баспасөз, ақпарат құралдары – демократиялық қоғам орнатуға заңды түрде қажеттілік тудыратын алғышарттар еркіндігі;

Ақпарат ағымдары – географиялық, елдік, байлық, қаржылық, тарихи, тілдік өзгешеліктеріне қарамастан күллі адамзаттың құндылығы екендігі;

Азаматтар, тұрғындар тарапынан иемденуге тиіс ақпараттық бостандық, әркімнің өзіне қажеттінің бәрін тауып біле алу құқы қайда кепілдендіреді, сол жерде ғана көзқарас білдіру еркіндіктің болатыны;

Бүкіләлемде демократиялық, плюралистік баспасөзді өрістету үшін мамандықтың біртұтастығы мен журналистиканың дербес сипатының қастерлеуіне тиіс екендігі мойындалған жағдайда ғана өміршең болмақ.

11.09.2001 жылғы террор шабуылдарынан кейін АҚШ әкімшілігі бұқаралық ақпарат құралдарының көптеген мәліметтерді жариялауына тыйым салған еді. Осының барлығы да мемлекет пен қоғамның мүддесін қорғау және тергеу, іздестіру жұмыстарына нұқсан тидірмеу үшін жасалған заңды шаралар болып табылған. Ал, өз кезегінде бұл елдің БАҚ-тары халықты үрейлендіретін, мемлекетке деген сенімін шайқалтатын хабарларды таратудан, суреттерді көрсетуден бас тартты. Бүгінгі демократиялық қоғамдардың негізгі шарттарының бірі еркін БАҚ-тың болуында. БАҚ-тың еркіндіктерімен қатар мемлекеттің әлеуметтік, саяси және экономикалық өмірін дамытудағы жауапкершіліктері де демократиялық елдерде алдыңғы қатардағы маңызды мәселенің бірі болып табылады. Бізде демократиялық мемлекеттерде «төртінші күш» деп аталатын бұқаралық ақпарат құралдары төңірегіндегі дау басылар емес. Әлемнің ең демократиялы, ең еркін саналатын елдерінің өзінде БАҚ сөз бостандығының жетіспейтіні және журналистердің проблемалары туралы ақпараттарды таратып жатады. Мұның негізінде жалаң кәсіби себептерден гөрі БАҚ-ты билейтін саяси, қаржы және экономикалық күштердің өз мақсаттарын толықтай орындай алмауы тұрса керек. Өйткені, қылмыскерлердің кесірінен тек журналистер ғана емес, көптеген қарапайым азаматтар да жапа шегуде. Ал, олардың қолында газет яки телевидение болмағандықтан, шулатып қоғамдық пікір тудыра алмайды. Сол себепті, БАҚ уәкілдеріне жасалған қылмыстық әрекеттерді, егер саяси астары немесе журналистің кәсіби функциясына қатысы болмаса, әдеттегі қылмыстармен бірдей қараған жөн. Яғни, мемлекет азаматтарын кәсіби ерекшеліктері бойынша емес, азамат болғандықтары үшін қорғайды. АҚШ, Германия (ГФР), Швеция, Швейцария, Түркия және Қазақстан елдерінің «БАҚ», «Бұқараны мәліметтендіру», «Ақпарат еркіндігі», «Баспасөз еркіндігі туралы Акт», «Баспасөз Заңы» сияқты заңдарын салыстырғанда 1999 жылы қабылданған «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы ҚР Заңының» халықаралық талаптарға сәйкес екені аңғарылады. Қайта, аталмыш елдердің заңдарында бізден өзгеше шектеулер мен жазалау шараларының (қаржылай санкциялар мен бас бостандығынан айыру) бар екенін байқауға болады. Швеция Корольдігінің парламенті «Риксдаг» 1974 жылы қабылдаған «Баспасөз еркіндігі туралы Актінің» көптеген баптарында «қоғамдық тыныштықты сақтау мақсатымен қабылданған заңдарға қайшы» ақпараттарды таратуға тыйым салынған. Аталмыш заң рухани мәдениет мүдделеріне қайшы және жеке тұлғалардың құқықтарын бұзатын ақпараттарды таратуға да тыйым салады. Бұл елде алкогольді ішімдіктер мен темекі өнімдерін жарнамалауға шек

қойылғаны сондықтан. Осы заңның 2-тарауы бойынша ресми құжаттарды пайдалануға мына себептер бойынша тыйым салынады:

1) Мемлекеттің қауіпсіздігін яки оның басқа мемлекетпен немесе халықаралық ұйыммен қарым-қатынастарының қауіпсіздігін сақтау.

2) Мемлекеттің орталықтандырылған қаржы, ақша немесе басқа валюталық саясатын қорғау.

3) Жалпы экономикалық мүдделерлі сақтау. [1, 34]

Қазақстанда журналистің бүкіл іс-әрекеттері заңның шеңберінде қарастырылады. Журналист қызмет бабында, шығармашылығында Қазақстан Республикасының Ата Заңын, Азаматтық Кодексті, Қазақстан Республикасының Бұқаралық ақпарат құралдары туралы Заңын, халықаралық шарт-ережелерді және редакциялық жарғыны басшылыққа алады. Заң нормаларын сақтамау, заңды құрметтемеу - заңсыздық. Журналист мұндай жағдайда заң алдында жауап береді. «Қазақстан Республикасының Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңдарында» (5-тарау, 20-21-баптары) журналистің құқықтары мен міндеттері жөнінде былай деп жазылған:

Журналистің:

1. ақпаратты іздестіруді жүзеге асыруға, сұратуға, алуға және таратуға;

2. мемлекеттік органдарға, барлық меншік нысандарындағы ұйымдарға баруына және өзінің қызмет бабындағы міндеттерін жүзеге асыруға байланысты олардың лауазымды адамдардың қабылдауында болуға, жабық шара өткізу туралы шешім қабылдағаннан басқа жағдайға өзін тіркеген орган өткізетін барлық шараларға қатысуға;

3. Қазақстан Республикасының заң актілерінде тыйым салынған жайғдайларды қоспағанда, жазбалар соның ішінде оларды дыбыс-бейне техникасын, кино-фото түсіру құралдарын пайдалана отырып жасауға;

4. журналистің куәлігін көрсету арқылы дүлей апаттар болған аудандарда, митингілер мен демонстрацияларда, сондай-ақ қоғамдық, топтық және жеке мүдделер мен назарлықтарды өзге де білдіру нысандарына қатысу;

5. құжаттар мен материалдардың мемлекеттік құпиялар болып табылатын мәліметтері бар үзінділерін қоспағанда, олармен танысуға рұқсат алуға;

6. алатын ақпараттың дұрыстығын тексеруге;

7. алынған ақпараттық материалдарды тексеру кезінде мамандарға жүгінуге;

8. өзі дайындаған хабарлар мен материалдарға қолын қойып, шартты атын (бүркеншік атын) көрсетіп таратуға;

9. материалдың мазмұны редакциялық түзетуден кейін журналистің жеке сеніміне қайшы келсе, оған өзі қолы қойылып жариялауынан бас тартуға;

10. авторлық және ақпарат көздерінің құпиясы соттың талап етуімен жарияланған жағдайларды қоспағанда, бұл құпияларды сақтауға құқығы бар. Қазақстан Республикасының 1995 жылы қабылданған Конституциясының 18-бабының 3-пункті бойынша азаматтар мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктерден, сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдарынан еркін ақпарат алуға құқықты. Осы салаға қатысты басқа да қалыптық-құқықтық актілерде сөз бостандығы және ақпараттану құқықтары туралы айтылған. Азаматтар өздерінің ой-пікірлерін еркін баяндауға да құқықты. [2, 56]

Ақпарат тарату барысында журналистер:

1. БАҚ-та Қазақстан Республикасының мемлекеттілігіне, ішкі және сыртқы қауіпсіздігіне нұқсан тигізетін, елімізді халықаралық қоғамдастық алдында ұятқа қалдыратын ақпараттарды таратуға болмайды.

2. БАҚ-та ешкімді нәсілі, ұлты, жынысы, жасы, денсаулығы, денедегі ақаулығы (кемтарлығы), әлеуметтік деңгейі және діни сенімдері бойынша төмендетуге, қорлауға, сөуге болмайды.

3. Ойлау, ар-ұждан және ойын білдіру еркіндігін шектеуші, жалпы халықтың этикалық құндылықтарын аяқасты етуші, діни сенімдер мен жанұя институтының негіздерін құлатушы ақпараттарды таратуға болмайды.

4. Бұқара жұртшылыққа адал қызмет етуге тиісті журналистер этикалық құндылықтарға қарсы іс істемейді және белгілі бір топтардың мүдделерін орындайтын қолшоқпар болмайды.

5. Заңды яки жеке тұлғаларды сынау шегінен асатын қорлаушы немесе олардың абыройына тіл тигізуші, балағаттаушы, жала жабушы ақпараттарды таратуға болмайды.

6. Адамдардың жеке өмірі тек қоғамның мүддесі тұрғысынан алғанда ғана тақырып бола алады. Бұдан тыс жағдайларда адамдардың жеке өмірі туралы мәлімет таратуға болмайды.

7. Журналистік тексеру шеңберінде шындығына жетуге болатын ақпараттар мен фактілерді растығы анықталмайынша ақпарат ретінде көпшіліктің талқысына ұсынуға болмайды.

8. Оқырмандар мен басқа да жекелеген адамдар құпия қалу (конфиденциалды) мақсатымен тапсырған мәліметтерді бұқараның мүддесіне айтарлықтай дәрежеде зиян тиюі ықтималынан тыс жағдайларда әшкерелеуге болмайды.

9. Бір бұқаралық ақпарат құралының өз еңбегімен тапқан ақпаратын (хабарын, өнімін, шығармасын) сол органның таратылу процесі аяқталмайынша екінші бұқаралық ақпарат құралы өзінің өніміндей қолдана алмайды. Ақпарат агенттіктерінен келіп түскен ақпараттарды пайдаланғанда агенттіктің аты аталуы тиіс.

10. Сот үкімімен «қылмысты», «айыпты» яки «кінәлі» саналмайынша ешкімді қылмысты, айыпты, кінәлі деп жариялауға болмайды.

11. Журналист ақпарат көзін жасырын (аноним) сақтауға құқықты. Бірақ, қоғамдастықтың пікіріне экономикалық, саяси немесе жеке басының мүддесі тұрғысынан қысым жасау мақсатымен таратылған ақпараттардың көзін айтуға міндетті.

12. Журналист өзінің кәсіби міндеттерін журналистиканың абырой-беделіне дақ түсірмейтін әдістермен жүзеге асыруға міндетті.

13. Журналист қатыгездік пен зорлық-зомбылықты уағыздайтын, сонымен қатар адами құндылықтарды рәсуа қылатын ақпараттарды таратпайды.

14. Бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланатын жарнамалар да жоғарыда аталған қағидаларға сәйкес болуы керек.

15. БАҚ қате таратылған мәліметтерді түзету міндетін орындайды. [3, 23].

XIX ғ. аяғында алаш азаматтары қазақ журналистиканың негізін қалады. Халықтың қоғамдық санасы мен саяси көзқарасы қалыптасуына ықпал етті. Сондықтан ағартушы-ғалым Ахмет Байтұрсыновтың газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі деп атауы бүгінде қанатты сөзге айналды. Қазақстандық журналистика ғылыми мектебінің негізін қалаған, қалыптасуына, дамуына ықпал еткен Т. Амандосов, Қ. Бекхожин, Т.Қожакеев, М.К. Барманқұлов, Н.Омашев, С.Қ.Қозыбаев сияқты профессор-ұстаздардың ғылыми еңбектері ерекше. Ф.ғ.д., профессор Т.Амандосов қазақ баспасөзі жанрларының теориясының негізін салған, жанрлар типологиясын зерттеген. Ф.ғ.д., профессор Қ. Бекхожин қазақ журналистикасы тарихының очерктер циклын жазған ғалым журналистика тарихын зерттеудің теориялық және практикалық негізін қалады. Ф.ғ.д., профессор Т.Қожакеев қазақ сатирасының теориясының негізін қалаған, қазақ журналистикасы тарихында елеулі еңбектер қалдырған көрнеті ғалым. Ф.ғ.д., профессор М.Барманқұлов қазақ тележурналистикасының теориялық және практикалық мәселелері бойынша тұңғыш зерттеу жүргізген, қазақ теле және Интернет журналистикасы саласын зерттеудің негізін қалаған ғалым. Ф.ғ.д., профессор Н.Омашев қазақ радиожурналистикасының теориялық және практикалық мәселелерін зерттеудің негізін қалаған. Ф.ғ.д., профессор С.Қозыбаев қазақ журналистикасының қазіргі заманғы тарихын зерттеудің негізін қалаған көрнекті ғалым. Бүгінде аталмыш ғылыми мектеп ғалымдары еліміздің белді оқу орындарында ғылыми-зерттеулер жүргізуде.

Қазақстанда тіркелген БАҚ-тың 83 пайызы – жекеменшік. Сонымен қатар журналистерге қатысты ұйымдар да көбейіп жатыр. Журналистер одағы, Журналистер академиясы, Журналистер конгресі, Медианет, Интернюс, «Әділ сөз» сияқты он шақты мекеме бар –

бұл жақсы көрсеткіш. Еуразиялық медиафорум да қазақстандық БАҚ-тың беделіне оңтайлы әсер етіп жатқан жоба. ТМД аумағында мұндай жоба жоқ.

Алаш көсемсөздері айтып кеткен газет — мерзімді басылым. Көнеде Юлий Цезарь «Сенат оқиғаларын» жарияласа, римдік газеттер болса оқиғалар хроникасын қысқаша тақталарға басып шығарған. Осыдан 1103 жыл бұрын Қытайда «Астаналық жаршы» жарық көріпті. Газет атауының шығу төркіні де қызық. Күнделікті қоғамдық ақпарат парақшасын итальяндықтар gazzetta аталатын ұсақ монетаға сатып алып отырған. [4, 51] Міне, газет деген сөздің шығу тарихы сонау ежелден басталған екен.

Мемлекетіміздің унитарлық сипатына, ұлттық егемендігіне, ұлттық қауіпсіздігіне, қоғамдық тәртіпке, қоғамдық мүддеге, денсаулық пен моральдық құндылықтарға қарсы басылымдардың елімізде шығарылуы немесе шетелдерден елімізге кіргізілуі мәселесі БАҚ туралы заң актілерінде қарастырылуы және Үкіметтің қажетті шараларды қолдануы нақтылануы тиіс. Себебі ақпараттық қауіпсіздік мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қ. Аллаберген. Қазақ журналистикасының тарихы [Электрондық ресурс]: (1870- 2008 жылдар) / Қ.Аллаберген, Ж.Нұсқабайұлы, Ф.Оразаев. - Алматы: Білім, 2010.
2. Г. Әлімбек. Сөз мағынасы және ақпарат. -Алматы 2006 ж.
3. Әуе толқынында - Қазақ радиосы. Жинақ. Алматы, Нұрлы әлем, 2001.
4. С.Х. Барлыбаева. «Развитие информационного общества в мире и в Казахстане». Учебное пособие –Алматы. 2006 ж.

ЗАМАНАУИ МЕМЛЕКЕТ ҚЫЗМЕТІ ЖҮЙЕ РЕТІНДЕ

Мұхан С.М., ҚарУ мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының I курс магистранты

*Ғылыми жетекші - А.И. Бирманова, Phd докторы, қауымдастырылған профессор
ҚарУ, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы*

Мемлекет қоғамдық істерді басқару органы бола отырып, көп түрлі қызметті жүзеге асырады. Онда экономикалық, саяси, әлеуметтік- мәдени және басқа қатынастар мен үрдістер жүзеге асырылады. Мемлекет айналасының бәрі қоғам және өзі үшін бірінші реттегі мәнге ие болмайды. Сондықтан қоғам істерін басқарудағы іс жүргізудегі рөлін, осындай басқарудың мақсаттарымен, сонымен бірге мемлекетпен қорғалатын әлеуметтік және өзге де құндылықтарды анықтау үшін мемлекет қызметінің басты негізгі бағыттарын айқындау қажеттілігі туындайды.

Функция заң ғылымында мемлекет пен құқықтың алдында тұрған мүдде-мақсаттарды, міндеттерді орындау қызметінің негізгі бағыттарын және әдіс-тәсілдерін анықтап, іске асыруды біріктіреді. Осы тұрғыдан мемлекеттің, үкіметтің, мемлекет аппаратының функциясы деген заңды ұғым қалыптасады. Функция деген ұғым латын тілінде (unctio) орындау деген мағынаны білдіреді, көбіне математика, физиология, лингвистика салаларында кеңінен пайдаланылады. Функция ұғымы мемлекет және құқық теориясында да кеңінен пайдаланылады.

Мемлекет қызметінің негізгі бағыттары мемлекет функциясы деп аталады. Мемлекет функциясы оның ел ішінде де, халықаралық аренадағы тұрақтанған пәндік - тәжірибелік қызметін сипаттайды. Мемлекеттің атқаратын қызметінің негізгі бағыттарын әлеуметтік, саяси, экономикалық және өзге себептерге өмірлік қажеттілік ретінде қарастырылады. Қандай да функцияны атқару қоғам үшін де, мемлекет үшін де кейбір қиындықтарды туғызады. Барлық мемлекеттер үшін елдің қорғаныс қабілеттілік функциясын